

2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығы " А к т і л е р ж и н а ғ ы н д а " ж әне р е с п у б л и к а л ы қ б а с п а с ө з д е ж а р и я л а н у ғ а тиіс

Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық әлеуетін ғарыш қызметінің басым бағыттарына шоғырландыру және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қауіпсіздігі міндеттерін шешуде ғарыш технологиялары мен техникасының үлесін күшейту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Ж а р л ы ғ ы м е н) .

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасы ғарыштық мониторингінің ұлттық жүйесі" 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасын жоюға қойсын;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "Қазғарыш" ҰК" АҚ) құрсын;

4) "Қазғарыш" ҰК" АҚ қызметінің негізгі бағыттарын:

Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласында ағымдық, ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешуге және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тиімділігі жоғары ақпарат және ғ а р ы ш т е х н о л о г и я л а р ы н құру ;

ғылымды қажетсінетін ғарыш технологиялары мен техникасын құру жөнінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

халықаралық ғарыш станциясында іргелі және қолданбалы зерттеулерді орындау үшін ұшқыш басқаратын ғарыш ұшыруларын пайдалану;

ұлттық қауіпсіздікті, қорғанысты, қоршаған ортаны қорғауды, төтенше жағдайларды

болжауды және мониторингтеуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындауға қатысу деп айқындасын;

5) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 5 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 1 5 1 3 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**"2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан
Республикасында ғарыш қызметін дамыту"
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Ескерту. Бағдарламаның күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің
2009.06.18 N 829 Жарлығымен.**